**"Жанжалдарды болғызбау мен реттеуге, бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге , әйелдерге қарсы зорлық-зомбылықтың алдын алуға, хабардар болуды арттыруға, жанжалдардың алдын алу мен әйелдерді қорғау мәселелерінде азаматтық қоғаммен өзара іс-қимылды күшейтуге әйелдердің тең құқылы және жан-жақты қатысуы бойынша Біріккен Ұлттар Ұйымының Қауіпсіздік Кеңесі қабылдаған 1325 (2000), 1820, 1888, 1889, 1960, 2106, 2122, 2242, 2467-қарарларды іске асыру жөніндегі 2022 – 2025 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 24 желтоқсандағы № 935 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 29 маусымдағы № 521 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Жанжалдарды болғызбау мен реттеуге, бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, әйелдерге қарсы зорлық-зомбылықтың алдын алуға, хабардар болуды арттыруға, жанжалдардың алдын алу мен әйелдерді қорғау мәселелерінде азаматтық қоғаммен өзара іс-қимылды күшейтуге әйелдердің тең құқылы және жан-жақты қатысуы бойынша Біріккен Ұлттар Ұйымының Қауіпсіздік Кеңесі қабылдаған 1325 (2000), 1820, 1888, 1889, 1960, 2106, 2122, 2242, 2467-қарарларды іске асыру жөніндегі 2022 – 2025 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 24 желтоқсандағы № 935 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

2 және 3-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Орталық және жергілікті атқарушы органдар, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар (келісу бойынша), сондай-ақ Жоспардың орындалуына жауапты басқа да ұйымдар (келісу бойынша):

1) Жоспарды іске асыру жөнінде қажетті шаралар қабылдасын;

2) жыл сайын, 15 желтоқсаннан кешіктірмей, Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігіне Жоспардың іске асырылу барысы туралы ақпарат беріп тұрсын.

3. Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі жыл сайын, 10 қаңтардан кешіктірмей, Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратына Жоспардың іске асырылу барысы туралы жиынтық ақпарат беріп тұрсын.";

көрсетілген қаулымен бекітілген Жанжалдарды болғызбау мен реттеуге, бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, әйелдерге қарсы зорлық-зомбылықтың алдын алуға, хабардар болуды арттыруға, жанжалдардың алдын алу мен әйелдерді қорғау мәселелерінде азаматтық қоғаммен өзара іс-қимылды күшейтуге әйелдердің тең

құқылы және жан-жақты қатысуы бойынша Біріккен Ұлттар Ұйымының Қауіпсіздік Кеңесі қабылдаған 1325 (2000), 1820, 1888, 1889, 1960, 2106, 2122, 2242, 2467-қарарларды іске асыру жөніндегі 2022 – 2025 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі* *О. Бектенов*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2024 жылғы 29 маусымдағы
№ 521 қаулысына
қосымша
Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2021 жылғы 24 желтоқсандағы
№ 935 қаулысымен
бекітілген

**Жанжалдарды болғызбау мен реттеуге, бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, әйелдерге қарсы зорлық-зомбылықтың алдын алуға, хабардар болуды арттыруға, жанжалдардың алдын алу мен әйелдерді қорғау мәселелерінде азаматтық қоғаммен өзара іс-қимылды күшейтуге әйелдердің тең құқылы және жан-жақты қатысуы бойынша Біріккен Ұлттар Ұйымының Қауіпсіздік Кеңесі қабылдаған 1325 (2000), 1820, 1888, 1889, 1960, 2106, 2122, 2242, 2467-қарарларды іске асыру жөніндегі 2022 – 2025 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары**

| **Р/с №** | **Іс-шараның атауы** | **Аяқталу нысаны** | **Орындауға жауаптылар** | **Орындау мерзімі** | **Болжанатын шығыстар (мың теңге)** | **Қаржыландыру көздері** |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **1** | **2** | **3** | **4** | **5** | **6** | **7** |
| 1. Жанжалдардың алдын алуға және бейбітшілік орнатуға әйелдер мен ерлердің қатысуы | | | | | | |
| 1. | Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының жобаларын әзірлеу кезінде жанжалдарды болғызбау және олардың алдын алу немесе оларды шешу үшін медиация пайдаланылатын делдалдық | халықаралық шарттардың жобаларына ережелерді қосу | СІМ, Қорғанысмині | 2022 – 2025 жылдар | - | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | туралы ережелерді енгізу мәселелерін қарау | | | | | талап етілмейді |
| 2. | Бітімгершілік даярлық орталығы ( ҚАЗЦЕНТ) базасында гендерлік мәселелер және азаматтық тұлғалар мен балаларды қорғау бойынша әскери кеңесші-әйелдерді даярлау | оқыту тренингтері | Қорғанысмині, СІМ | 2022 – 2025 жылдар | - | талап етілмейді |
| 3. | Қорғанысмині, ІІМ, ТЖМ, Б П жүйелерінде басшы лауазымдарға әйелдерді ілгерілету, сондай-ақ олардың одан арғы мансабын мониторингтеу | мониторинг | Қорғанысмині, ІІМ, ТЖМ, БП (келісу бойынша) | 2022 – 2025 жылдар | - | талап етілмейді |
| 4. | Тренингтер мен оқытудан өткен әйелдер, наградалар алған әйелдер мен басшы лауазымдардағы әйелдер санының көрсеткіштеріне сүйене отырып, қауіпсіздік және қорғаныс саласындағы кәсіптік дамудың | талдамалық анықтама | Қорғанысмині, ІІМ, ТЖМ, БП, (келісу бойынша) | 2023 – 2025 жылдар | - | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | гендерлік тұрғыдан сезімтал тәсілін әзірлеу | | | | | талап етілмейді |
| 5. | Қарусыздану мен қаруды таратпау және халықаралық қауіпсіздік мәселелері бойынша халықаралық келіссөздер мен консультацияларға әйелдер арасынан дипломатиялық персоналды тарту | әйелдердің келіссөздер мен консультацияларға қатысуы | СІМ, Қорғанысмині, ІІМ, БП (келісу бойынша) | 2022 – 2024 жылдар | - | талап етілмейді |
| 6. | БҰҰ ҚК бағдарламалары және БҰҰ институттары, қарусыздану және қаруды таратпау, құқықтық ынтымақтастық және халықаралық қауіпсіздік мәселелері бойынша көпжақты және екіжақты ынтымақтастық шеңберінде халықаралық келіссөздерге, консультацияларға және іс-шараларға қатысу үшін әйелдер қатарынан келіссөз тобын құру | келіссөздер және өзге де іс-шаралар | СІМ, Қорғанысмині, ІІМ, БП (келісу бойынша) | 2024 – 2025 жылдар | - | талап етілмейді |
| | | | | | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 7. | Азаматтық қоғамның белсенділері және өкілдері болып табылатын, оның ішінде жанжалдарды шешуге, тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қатысуда, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғауда тәжірибесі бар әйелдердің және ерлердің қатысуымен "Әйелдер, Бейбітшілік және Қауіпсіздік" тақырыбында өңірлік және субөңірлік консультациялар өткізу | өңірлік және субөңірлік консультациялар | МАМ, СІМ, Қорғанысмині, ЖАО, Қазақстандағы "БҰҰ-әйелдер" құрылымы (келісу бойынша), АҚҰО (келісу бойынша), ӘІОДСҮК (келісу бойынша) | 2024 – 2025 жылдар | - | Қазақстандағы "БҰҰ-әйелдер" қаражаты есебінен | |
| 8. | ІІМ және Қорғанысмині жанындағы оқу орындарын тарта отырып, ішкі істер, қорғаныс органдарының қызметкерлері және қоғамдық ұйымдар өкілдері үшін жанжалдарды реттеу үшін медиация құралын | қашықтан оқыту тренингтері | Қорғанысмині, ІІМ, ЖАО, АҚҰО (келісу бойынша), ӘІОДСҮК (келісу бойынша), Қазақстандағы "БҰҰ-әйелдер" құрылымы (келісу бойынша) | 2023 – 2025 жылдар | - | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | пайдалану бойынша қашықтан оқыту тренингтерін өткізу | | | | | талап етілмейді |
| 9. | Ішкі істер органдарының, қорғаныс органдарының, прокуратура және төтенше жағдайлар органдарының ведомстволық академияларында "Әйелдер, бейбітшілік және қауіпсіздік" күн тәртібі тұрғысында түсіндіру жұмыстарын жүргізу | ведомстволық семинарлар | Қорғанысмині, ІІМ, ТЖМ, БП (келісу бойынша) | 2024 – 2025 жылдар | - | талап етілмейді |
| 10. | Гендерлік саясатты одан әрі ілгерілету бойынша ұсынымдар тұжырымдауды қоса алғанда, "Қазіргі қазақстандық қоғамдағы гендерлік саясат" тақырыбындағы зерттеу шеңберінде қазақстандық әйелдер мен ерлердің жанжалдарды болғызбауға және бейбітшілік орнатуға қатысуы жөніндегі | зерттеу | АҚДМ | 2022 жыл | 3 388 | РБ 001 "Ақпарат және қоғамдық даму саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру" бюджеттік бағдарламасының шеңберінде |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | бөлімді дайындау және енгізу | | | | | көзделген қаражат шегінде |
| 11. | Қорғанысмині, СІМ, ІІМ, БП-мен өзара іс-қимыл жасайтын журналистер пулы және аталған органдардың баспасөз қызметтері үшін жанжалдарды болғызбау мен реттеуге, бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, әйелдерге қарсы зорлық-зомбылықтың алдын алуға әйелдер мен ерлердің тең құқылы және жан-жақты қатысуы бойынша тренингтер өткізу | тренингтер | АКДМ, Қорғанысмині, СІМ, ІІМ, БП (келісу бойынша), Қазақстандағы "БҰҰ-әйелдер" құрылымы (келісу бойынша) | 2022 жыл | көзделген қаражат шегінде | РБ 009 "Халықаралық ұйымдармен бірлесіп жүзеге асырылатын жобаларды іске асыруды қамтамасыз ету" бюджеттік бағдарламасының шеңберінде көзделген қаражат шегінде |
| | Жанжалдарды болғызбау мен реттеуге, бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, әйелдерге қарсы зорлық-зомбылықтың алдын алуға, хабардар болуды арттыруға, жанжалдарды | | | | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 12. | ң алдын алу мен әйелдерді қорғау мәселелерінде азаматтық қоғаммен өзара іс-қимылды күшейтуге әйелдердің тең құқылы және жан-жақты қатысуы бойынша Біріккен Ұлттар Ұйымының Қауіпсіздік Кеңесі қабылдаған 1325 (2000), 1820, 1888, 1889, 1960, 2106, 2122, 2242, 2467-қарарларды түсіндіруге және ілгерілетуге бағытталған арнайы сюжеттер (роликтер) немесе бағдарламалар дайындауды және таратуды қамтитын ақпараттық науқандар өткізу | медиа-жоспарды әзірлеу және іске асыру | МАМ, мүдделі орталық мемлекеттік органдар | жыл сайын | көзделген қаражат шегінде | РБ 003 "Мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу" бюджеттік бағдарламасының шеңберінде көзделген қаражат шегінде | |
| | Қорғанысмині, СІМ, ІІМ, БП-мен, көрсетілген органдардың баспасөз қызметтерімен және БҰҰ органдарының және институттары | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 13. | ның аккредиттелген өкілдіктерімен өзара іс-қимыл жасайтын журналистер пулы үшін жанжалдардың алдын алуға және оларды реттеуге, бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, әйелдерге қарсы зорлық-зомбылықтың алдын алуға әйелдер мен ерлердің тең құқылы және жан-жақты қатысуы бойынша қашықтан тренингтер мен симуляциялық іс-шаралар өткізу | қашықтан тренингтер және симуляциялық іс-шаралар | МАМ, Қорғанысмині, СІМ, ІІМ, БП (келісу бойынша), Қазақстандағы "БҰҰ-әйелдер" құрылымы (келісу бойынша) | 2025 жыл | - | Қазақстандағы "БҰҰ-әйелдер" құрылымы есебінен |
| 14. | Қоғамдық бақылау, әскери қызмет және әскери қызметшілер мәртебесі туралы заңнама шеңберінде әскери қызметшілер аналарының және азаматтық қоғам өкілдерінің қатарынан әйелдерді тарта отырып, | мониторингтік іс-шаралар жүргізу | Қорғанысмині, ІІМ, ТЖМ, БП (келісу бойынша), АҚҰО (келісу бойынша) | 2024 – 2025 жылдар | - | талап етілмейді |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | тұрақты негізде қоғамдық мониторингтік іс-шараларды жүргізуге жәрдемдесу | | | | | |
| 2. Әйелдер мен қыздарға қатысты зорлық-зомбылықты болғызбау және оларды, әсіресе жанжал жағдайында қорғау | | | | | | |
| 15. | Ізгілік операциялар аясында Сирия мен Ирактан оралған әйелдер мен балаларды оңалту жөніндегі әлеуметтік жұмыскерлер, отбасын қолдау орталықтарының және қоғамдық ұйымдардың қызметкерлері үшін әдістемелік ұсынымдар әзірлеу және қабылдау | әдістемелік ұсынымдар | АҚДМ, ДСМ, БҒМ, Қазақстандағы "БҰҰ-әйелдер" құрылымы (келісу бойынша), ӘІОДСҰК (келісу бойынша) | 2023 жыл | - | талап етілмейді |
| 16. | Жаңа дәуірде әйелдердің өңірлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі халықаралық ынтымақтастық мәселелері бойынша онлайн-форматта конференция өткізу | онлайн-форматтағы конференция | АҚҰО (келісу бойынша), ӘІОДСҰК (келісу бойынша), СІМ, мүдделі мемлекеттік органдар, Қазақстандағы "БҰҰ-әйелдер" құрылымы (келісу бойынша) | 2022 – 2024 жылдар | - | талап етілмейді |
| | Қазақстандағы білім беру тренингтері арқылы жанжал және | | | | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 17. | жанжалдан кейінгі жағдайдағы әйелдерді экономикалық дамыту бойынша ЕО-мен және БҰҰ-әйелдер мен ынтымақтастық бағдарламасын іске асыруға қатысу | тренингтер | БҒМ, ДСМ, СІМ, ЕО (келісу бойынша), Қазақстандағы "БҰҰ-әйелдер" құрылымы (келісу бойынша) | 2022 жыл | - | ЕО қаражаты есебінен | |
| 18. | Мемлекеттік органдарды, азаматтық ұйымдарды, мәдениет, білім және ғылым салаларының өкілдерін кеңінен тарта отырып, сондай-ақ БАҚ-та және әлеуметтік желілерде жариялаумен "Гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы белсенді іс-қимылдың 16 күні" үйлестірілген республикалық акциясын өткізу | кездесулер, дөңгелек үстелдер, акциялар, флеш-мобтар, дайджест | МАМ, ІІМ, БП (келісу бойынша), Еңбекмині, ДСМ, ҒЖБМ, ОМ, ЖАО, ӘІОДСҰК (келісу бойынша), КС аппараты (келісу бойынша), АҚҰО (келісу бойынша), Қазақстандағы "БҰҰ-әйелдер" құрылымы (келісу бойынша) | жыл сайын | - | Қазақстандағы "БҰҰ-әйелдер" құрылымы есебінен | |
| | Білім беру ұйымдарында БҰҰ-әйелдер құрылымын және ЕҚЫҰ-ның Қазақстандағы офисін тарта отырып, теңдік пен кемсітпеушілік мәдениетіне, гендерлік | | МАМ, ОМ, ҒЖБМ, СІМ, ӘІОДСҰК (келісу бойынша), | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 19. | құзыреттіліктерге оқытуға жәрдемдесу үшін білім беру жүйесінің және жергілікті атқарушы органдар қызметкерлерінің хабардар болуын және әлеуетін арттыруға арналған тренингтер мен семинарлар өткізу | тренингтер, семинарлар | Қазақстандағы "БҰҰ-әйелдер" құрылымы (келісу бойынша), ЕҚЫҰ-ның Қазақстандағы офисі (келісу бойынша) | 2024 жыл | - | Қазақстандағы "БҰҰ-әйелдер" құрылымы, ЕҚЫҰ-ның Қазақстандағы офисінің қаражаты есебінен |
| 20. | БАҚ үшін әйелдер мен балаларға қатысты зорлық-зомбылыққа мүлдем төзбеушілікті жариялау мәселелері жөніндегі тренингтер өткізу | тренингтер | МАМ, ӘІОДСҰК (келісу бойынша) Қазақстандағы "БҰҰ-әйелдер" құрылымы (келісу бойынша) | 2024 – 2025 жылдар | - | Қазақстандағы "БҰҰ-әйелдер" қаражаты есебінен |
| 21. | Адвокаттар мен заң консультанттары үшін зорлық-зомбылықтың құрбаны болған әйелдердің және жас қыздардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау бойынша тренингтер өткізу | тренингтер | МАМ, Әділетмині, ІІМ, ӘІОДСҰК (келісу бойынша) ЕҚЫҰ-ның Қазақстандағы офисі (келісу бойынша) | 2024 – 2025 жылдар | - | ЕҚЫҰ қаражаты есебінен |
| | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 22. | Әйелдер мен балаларға қатысты зорлық-зомбылыққа байланысты істер бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексерулерге және сот процестеріне қатысатын психологтар мен сарапшылар үшін тренингтер өткізу | тренингтер | МАМ, ӘІОДСҰК (келісу бойынша), ЕҚЫҰ-ның Қазақстандағы офисі (келісу бойынша) | 2024 – 2025 жылдар | - | ЕҚЫҰ қаражаты есебінен |
| 23. | Білім беру мекемелерінде ақпараттық-ағарту жұмыстарын ұйымдастыру арқылы қоғамның тұрмыстық зорлық-зомбылықтан қорғауға деген сенімін нығайту үшін азаматтарды құқықтық ағарту | ағартушылық сипаттағы сөз сөйлеулер және өзге де іс-шаралар | МАМ, ҒЖБМ, ОМ, ІІМ, Әділетмині, ЖАО | 2025 жыл | - | талап етілмейді |
| | Әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы конвенцияны орындау туралы кезекті баяндамаға кейіннен зерттеудің қорытындыларын енгізе отырып, | | | | | РБ 004 "Азаматтық қоғам институттары мен мемлекеттің өзара қарым-қатынасын |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 24. | азаматтар арасында құқықтық сауалнамалар жүргізу арқылы тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл және оның себептерін анықтау мәселелері бойынша әлеуметтанушылық зерттеу жүргізу | әлеуметтанушылық зерттеу | МАМ, ІІМ, ҒЖБМ, ЖАО | 2025 жыл | қосымша қаражат талап етілмейді | нығайтуды қамтамасыз ету, қоғамдық сананы жаңғырту" бюджеттік бағдарламасының шеңберінде көзделген қаражат шегінде |
| 25. | Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі заңнаманы түсіндіру жөніндегі жұмыс тобын құру | МАМ бұйрығы | МАМ, ІІМ, ОМ, ҒЖБМ, ДСМ, Еңбекмині, ЖАО, ӘІОДСҰК (келісу бойынша) | 2024 жыл | - | талап етілмейді |
| 26. | Тұрмыстық зорлық-зомбылықтан зардап шеккен адамдарды әлеуметтік сүйемелдеу шараларын көрсету | консультациялар | Еңбекмині, ЖАО | 2024 жыл | - | талап етілмейді |
| 27. | "KazAID" қазақстандық халықаралық даму агенттігінің қызметі шеңберінде, ТЖМ және СІМ қатысуымен Ауғанстанда және басқа елдерде төтенше жағдайларға | сараптамалық және | СІМ, ТЖМ, ДСМ, Еңбекмині, ҒЖБМ | 2024 – 2025 жылдар | - | "KazAID" қазақстандық халықаралық даму агенттігінің |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | тап болған әйелдер мен балаларға сараптамалық және техникалық қолдау көрсету жөніндегі іс-шараларды өткізу | техникалық қолдау көрсету | | | | қаражаты есебінен |
| 3. Гендерлік аспектіні көтермелеу және көшбасшылықты дамыту | | | | | | |
| 28. | ІІМ, БП, Қорғанысмині, ТЖМ ведомстволық оқу орындарын тарта отырып, әскери қызметші әйелдер мен басқа да құқық қорғау органдарындағы, сондай-ақ бітімгершілік бөлімшелеріндегі әйелдер үшін көшбасшылық жөніндегі тренингтер өткізу | тренингтер | АҚДМ, Қорғанысмині, ІІМ, ТЖМ, БП (келісу бойынша), Қазақстандағы "БҰҰ-әйелдер" құрылымы (келісу бойынша), ӘІОДСҰК (келісу бойынша) | 2022 жыл | көзделген қаражат шегінде | РБ 009 "Халықаралық ұйымдармен бірлесіп жүзеге асырылатын жобаларды іске асыруды қамтамасыз ету" бюджеттік бағдарламасының шеңберінде көзделген қаражат шегінде |
| | Әйелдерді құқық қорғау органдарында, қорғаныс, сот жүйесі және дипломатиялық қызмет, конституциялық бақылау, әділет саласындағы органдарда басшы лауазымдарға тағайындау практикасын талдау, сондай-ақ | | Қорғанысмині, ІІМ, БП (келісу бойынша), | | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 29. | біліктілікті арттыру және кәсіби заң қоғамдастығымен және өзге де үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл жөніндегі іс-шараларды қоса алғанда, аталған қызметтердің жұмысына гендерлік-теңгерімді тәсілдерді енгізу | талдамалық есеп | ТЖМ, СІМ, СӘ (келісу бойынша), КС аппараты (келісу бойынша) | 2023 – 2025 жылдар | - | талап етілмейді | |
| 30. | Азаматтық қоғам, құқық қорғау органдары, қорғаныс және қауіпсіздік органдары өкілдерінің қатысуымен "Бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі әйелдердің рөлі" тақырыбында онлайн-форматта дөңгелек үстел өткізу | дөңгелек үстелді ұйымдастыру және өткізу | АҚДМ, ӘІОДСҰК (келісу бойынша), Қорғанысмині, ІІМ, БП (келісу бойынша), АҚҰО (келісу бойынша), Қазақстандағы "БҰҰ-әйелдер" құрылымы (келісу бойынша) | 2023 жыл | - | талап етілмейді | |
| | Мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдар | | СІМ, МАМ, Қорғанысмині, ІІМ, ТЖМ, Әділетмині, ДСМ, Еңбекмині, БП (келісу бойынша), ӘІОДСҰК (келісу | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 31. | өкілдерінің қатысуымен және БАҚ өкілдерін тарта отырып, әйелдердің бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі рөлі туралы есептік іс-шара өткізу | есептік іс-шара | бойынша), СӘ (келісу бойынша), КС аппараты (келісу бойынша), АҚҰО (келісу бойынша), Қазақстандағы "БҰҰ-әйелдер" құрылымы (келісу бойынша), ЕҚЫҰ-ның Қазақстандағы офисі (келісу бойынша), ХКҰ (келісу бойынша) | 2024 – 2025 жылдар | - | талап етілмейді |
| 32. | Әйелдердің саяси мүмкіндіктерін арттыру және көшбасшылық әлеуетін дамыту бойынша өңірлерде тренингтер өткізуді қамтитын тақырыптық жобаларды іске асыру | тренингтер | МАМ, ӘІОДСҰК (келісу бойынша) ЖАО, Қазақстандағы "БҰҰ-әйелдер" құрылымы (келісу бойынша) | 2024 жыл | қосымша қаражатты талап етпейді | РБ 009 "Халықаралық ұйымдармен бірлесіп жүзеге асырылатын жобаларды іске асыруды қамтамасыз ету" бюджеттік бағдарламасының шеңберінде көзделген қаражат шегінде |
| 33. | "Әйелдер шешім қабылдау процесінде" тақырыбына зерттеу жүргізу | зерттеу | МАМ, ӘІОДСҰК (келісу бойынша) Қазақстандағы "БҰҰ-әйелдер" құрылымы (келісу бойынша) | 2024 жыл | қосымша қаражатты талап етпейді | РБ 009 "Халықаралық ұйымдармен бірлесіп жүзеге асырылатын жобаларды іске асыруды қамтамасыз ету" бюджеттік бағдарламасының шеңберінде |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | көзделген қаражат шегінде |
| 34. | 1325 (2000) қарарды, нормативтік-құқықтық базаны, әдіснаманы, зерттеулерді, ұсынымдарды іске асыру бойынша тәжірибе алмасу алаңын ұйымдастыру, сондай-ақ СІМ, МАМ және Қазақстандағы "БҰҰ-әйелдер" құрылымының қатысуымен бірлескен іс-шаралар өткізу мақсатында Орталық Азия елдерінде сот төрелігі және қауіпсіздік саласындағы әйелдер қауымдастығын (одағын) құру мәселесіне бастама жасау және талқылау | Президент Әкімшілігіне ұсыныс | СІМ, ІІМ, Қорғанысмині, ТЖМ, ЖАО, БП (келісу бойынша), СӘ (келісу бойынша), КС аппараты (келісу бойынша), Қазақстандағы "БҰҰ-әйелдер" құрылымы (келісу бойынша), ЕҚЫҰ-ның Қазақстандағы офисі (келісу бойынша) | 2024 – 2025 жылдар | - | талап етілмейді |

**Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:**

АҚДМ – Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі;

АҚҰО – Қазақстан Республикасындағы "Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталық" мемлекеттік мекемесі;

Әділетмині – Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі;

ӘІОДСҰК – Қазақстан Республикасының Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссиясы;

БАҚ – бұқаралық ақпарат құралдары;

БҒМ – Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі;

БП – Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы;

БҰҰ – Біріккен Ұлттар Ұйымы;

БҰҰ ҚК – Біріккен Ұлттар Ұйымының Қауіпсіздік Кеңесі;

ҒЖБМ – Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі;

ДСМ – Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі;

ЕҚЫҰ – Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы;

ЕО – Еуропалық Одақ;

Еңбекмині – Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі;

ЖАО – жергілікті атқарушы органдар;

КС аппараты – Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының Аппараты;

Қорғанысмині – Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі;

ҚР – Қазақстан Республикасы;

МАМ – Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі;

ОМ – Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі;

РБ – республикалық бюджет;

СӘ – Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының Сот әкімшілігі;

СІМ – Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі;

ТЖМ – Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігі;

ТЖ – төтенше жағдай;

ХКҰ – Халықаралық көші-қон ұйымы;

ІІМ – Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК